

Сандықтау ауданының коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалға алу төлемiнiң есептiк мөлшерлемесiн есептеу қағидасын бекiту туралы

Күшiн жойған

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкiмдiгiнiң 2014 жылғы 31 шiлдедегi № А-7/251 қаулысы. Ақмола облысының Әдiлет департаментiнде 2014 жылғы 22 тамызда № 4321 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 26 мамырдағы № А-5/119 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкiмдiгiнiң 26.05.2015 № А-5/119 (қол қойылған күнiнен бастап күшiне енедi және қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.

РҚАО ескертпесi.

Құжаттың мätiнiнде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Мемлекеттiк мүлiк туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысына сәйкес Сандықтау ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДi:**

1. Қоса берiлiп отырған Сандықтау ауданының коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалға алу төлемiнiң есептiк мөлшерлемесiн есептеу қағидасы бекiтiлсiн.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкiмiнiң орынбасары Қ.С.Омаровқа жүктелсiн.

3. Осы қаулы Ақмола облысының әдiлет департаментiнде мемлекеттiк тiркелген күнiнен бастап күшiне енедi және ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi.

Сандықтау ауданының әкiмi

Е.Сағдиев

Сандықтау ауданы әкiмдiгiнiң
2014 жылғы 31 шiлдедегi
№ А-7/251 қаулысымен
бекiтiлген

Сандықтау ауданының коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасы

1. Осы Сандықтау ауданының коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес әзірленген және Сандықтау ауданының коммуналдық мүлік объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің мөлшерлемесін есептеу тәртібін белгілейді.

2. Аудандық коммуналдық заңды тұлғаның балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде жылдық жалдау төлем ақысының есебі осы Қағиданың қосымшасына сәйкес құрылыс түрін, тұрғын үй емес жайдың түрін, жайлылық дәрежесін, аумақтық орналасқан жерін, жалдаушының қызмет түрін, жалдаушылардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын ескере отырып, базалық мөлшермесі және қолданылатын коэффициент мөлшерінің негізінде анықталады және формула бойынша іске асырылады:

$$A_n = B_c \times S \times K_t \times K_k \times K_{jd} \times K_p \times K_{kt} \times K_{kkn},$$

мұндағы:

A_n – бір жылда аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілеріне жалға алу төлемінің мөлшерлемесі;

B_c – жылына 1 шаршы метр теңгеге жалға алу төлемінің негізгі мөлшерлемесі ;

S – жалға алынатын жай, шаршы метр, соның ішінде жалпы пайдалану орнына жалдаушының қолжетімін есепке алатын жалға берілетін алаңның 25 пайыз;

K_t – құрылыс үлгісін есепке алатын коэффициент;

K_k – тұрғын емес үй жайдың түрін есепке алатын коэффициент;

K_{jd} – жабдықталғандығының дәрежесін есепке алатын коэффициент;

K_p – аймақтық орналасуын есепке алатын коэффициент;

K_{kt} – жалдаушының қызмет түрін есепке алатын коэффициент;

K_{kkn} – жалға алушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент.

3. Жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды

мүліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде жалдау ақысының есеп айырысуы мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_{п} = C \times N_{ам} / 100 \times K_{п}$$

мұндағы:

$A_{п}$ – жылына жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды жалдау ақысының мөлшерлемесі;

C – бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны.

100 пайыз тозу есептелген жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнының 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

$N_{ам}$ - "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 120-бабына сәйкес тозудың шекті нормалары;

$K_{п}$ - төмендету коэффициенті (0,5 көлемінде-сауда-сатылатын (делдалдық) қызметтерді қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде - 0,8 мөлшерінде 60 пайыздан артық жабдықтың, көлік құралдарының және басқа пайдаланылмайтын заттардың тозуы кезінде қолданады).

4. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерін сағат бойынша мүліктік жалға беру, сонымен қатар аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалға беру кезінде жалдау ақысын есептеу келесі формуламен іске асырылады:

$$A_{ч} = A_{п} / 12 / Д / 24,$$

мұндағы:

$A_{ч}$ - бір сағатқа аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілеріне, жабдықтарға, автокөлік құралдарына және басқа пайдаланылмайтын заттарға жалға алу төлемінің мөлшермесі;

$A_{п}$ - осы Қағиданың 2-інші немесе 3-тармақтарында аталған жалға алу мөлшермесі;

$Д$ - мүліктік жалға берілетін (жалға алынатын) объектілерге тапсыруды іске асыратын бір ай ішіндегі күндердің саны.

Сандықтау ауданының
коммуналдық мүліктік мүліктік
жалдауға (жалға алуға) беру
кезінде жалға алу төлемінің
есептік мөлшермесін есептеу
қағидасына қосымша

Сандықтау ауданының коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қолданылатын коэффициенттердің мөлшері және негізгі мөлшерлемесі

Негізгі мөлшерлеме	1,5 айлық есептік көрсеткіш
--------------------	-----------------------------

№ р/т	Коэффициенттердің түрлері	Коэффициенттің мөлшері
1	Құрылыс үлгісін есепке алатын коэффициент (Кт):	
	1.1. кеңселік, әкімшілік, қоғамдық	1,0
	1.2. ауыл шаруашылық қажеттіліктеріне арналған, өндірістік	0,8
	1.3. қоймалық, гараждық, қазандық	0,7
2	Тұрғын емес жайдың түрін есепке алатын коэффициент (Кк)	
	2.1. ғимарат немесе ғимараттағы жай	1,2
	2.2. жалғастыра салынған бөлігі	0,9
	2.3. цоколдық (жартылай жертөле) бөлігі	0,7
3	2.4. жертөле бөлігі, төбесі	0,6
	Жабдықталғандығының дәрежесін есепке алатын коэффициент (Кжд)	
	3.1. барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін (сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электр қуаты, канализация) қандай да коммуникация түрі болмаған жағдайда әр түрге 0,5 азаяды	2,0
4	Аймақтық орналасуын есепке алатын коэффициент (Кр)	
	4.1 қала, кент (аудан орталығы)	0,9
	4.2 село, кент	0,5
5	Жалдаушының қызмет түрін есепке алатын коэффициент (Ккт);	
	5.1 брокерлік қызмет және кеден қызметін көрсету, банктер, ломбардтар, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалды конторлар, адвокаттық конторлар, зергерлік шеберханалар үшін	3,0
	5.2 қоғамдық тамақтандыру, қонақ үй, сауда немесе сауда-делдалдық қызметтерімен айналысатын ұйымдастыру үшін	1,5
	5.3 облыста білім беретін қызметтерді ұйымдастыруға арналған:	1,1
	1) жоғары, техникалық және кәсіптік білім;	0,9
	2) орта білім;	0,8
	3) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	
	5.4 денсаулық сақтау, мәдениет, туризм және спорт саласындағы қызметтерді ұйымдастыру үшін	1,0
5.5 бастапқы, негізгі орта, жалпы орта, кәсіптік білім беруде жалпы білім беру бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарында оқушылардың тамақтануын және буфеттерді ұйымдастыру үшін, және оқу орындарының жатақханалары	0,5	
5.6 мемлекеттік мекемелер орналасқан ғимараттарда, кіруін шектетумен осы мекемелердің жұмыс кестесінен аспайтын жұмыс кестесімен (бөлшек сауда) қызметшілердің тамақтануын және буфеттерді ұйымдастыру үшін	0,9	
5.7 мемлекеттік заңды тұлғалар орналасқан жайларда, осы мекемелердің және		

	кәсіпорындардың жұмыс кестесінен аспайтын жұмыс кестесімен (бөлшек сауда) тамақтануын және буфеттерді ұйымдастыру үшін	1,2
	5.8 жылумен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, сумен жабдықтауды және қатты тұрмыстық қалдықтарын шығаруды ұйымдастыру үшін	0,5
	5.9 пошта қызметі саласындағы қызметтерді ұсыну үшін	1,0
	5.10 басқалар үшін	1,5
6	жалға алушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (К _{ұкн}):	
	6.1 коммерциялық емес ұйымдар үшін (үкіметтік емес ұйымдардан басқа)	0,5
	6.2 үкіметтік емес ұйымдар үшін	0,2
	6.3 басқалар үшін	1,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК